

Келісіді:
Ақмола облысы білім басқармасының
Егіндікөл ауданы бойынша
білім бөлімінің басшысы
А. А. Аманжолбеков А.О.



Бекітемін:
Ақмола облысы білім басқармасының
Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі
Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі»
КММ директорының орынбасары Т.К. Бақишев Т.К




**«Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі
Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Мектептің 2023 – 2028 даму жоспары




2023 жыл

Бағдарлама басшысы:

Директор  Бокишев Т.К

Бағдарлама жасаушылар:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары  Кусаинова Г.Т

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  Утебаева Ж.С

Кенесші  Арив Е.А (білім бөлімінің әдіскері)

«Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдістемелік кеңесімен ұсынылды

Хаттама № 3 «16» қаңтар 2023ж

Хатшы  Алпыс А.К

Егіндікөл ауданы білім бөлімінің әдістемелік кеңесімен ұсынылды

Протокол № ____ « ____ » _____ 2023ж

Мазмұны

1. Мектептің даму бағдарламасының төлқұжаты _____	1-3
2. Ақпараттық анықтама _____	4
3. Мектеп қызметінің жағдайын талдау, анализдеу _____	5-9
4. Мектепті басқару ерекшеліктері _____	9-14
5. Даму бағдарламасын іске асыруды басқару _____	15-16
6. Даму бағдарламасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері _____	17
7. Даму бағдарламасын іске асырудың негізгі тетіктері _____	17-18
8. Мектепті дамытудың стратегиялық бағыттары _____	18-26
9. Даму бағдарламасының міндеттерін шешу жолдары _____	26-28
10. Бағдарламаны қаржыландыру көлемі мен көздері _____	29
11. Күтілетін нәтижелер _____	30

1. КММ «Тоғанас негізгі орта мектебінің» 2023-2028 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасының төлқұжаты

<p>МДБ нормативті-құқықтық қолдау</p>	<p>«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдығы №182 бұйрығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңы 2019ж 27 желтоқсан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 02.09.2019 жылғы Қазақстан халқына жолдауы «Конструктивті қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2022 жыл 1 қыркүйек «Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» ҚР Білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысы ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері Білім беру ұйымдарындағы Қамқоршылық кеңесі туралы 2007 жыл 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9- тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде әзірленді</p>
<p>Бағдарламаның мақсаты</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Қоғамға пайдалы, адамгершілігі мол, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру - Білім сапасын 80%-ға арттыру - Мектепте оқушы санын арттыру, патронаттан бала алу - Кадр жетіспеушілік жолдарын шешу, оқушыларды кәсіптік бағдарға баулу -Педагог-ата-ана-оқушы үштігінің ынтымақтастық ортасын құру - Мұғалімдердің квалификациялық деңгейлерін жеткілікті деңгейде көтеру - Мектеп үдерістерін сақтау

МДБ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> -Дарынды оқушылармен жүйелі жұмыс жасау -оқушылардың зерттеушілік жұмыстарын дамыту. -мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту -қазіргі заманмен жабдықталған- жарақталған оқу кабинеттерін алу - оқушыларды жаңа компьютерлермен жабдықтау - мектепте оқытудың жайлы, сапалы ортасын құру -оқушыларды олимпиадалар мен сайыстар, спорттық жарыстарға дайындау, қатыстыру -оқушылардың әлеуметтік даму мүмкіндіктерін кеңейту -«Оқуға құштар» мектеп жобасын жетілдіру - Дебаттық клуб, Адал ұрпақ, Мектеп мұражайы, - Еріктілер қоғамы жұмыстарын жандандыру
МДБ күтілетін нәтижелер	<p>Мектеп оқушыларының санын арттыруға арналған жұмыстарды жандандыру (патронаттық тәрбиеге кемінде 2023 ж 10 бала, 2028 жылы 20-25 балаға арттыру)</p> <p>Үлгерімі «үздік» және «жақсы» оқушылар үлесін көтеру. 2023 жылы 53%, 2024 жылы 58%, 2025 жылы 63%, 2026 жылы 68%, 2027 жылы 74%, 2028 жылы 80%</p> <p>Негізгі орта мектепті «Үздік» бағаға бітіретін түлектер санын 2023ж 10%-ға, 2028ж 25%-ға арттыру</p> <p>Педагог мәртебесін көтеру, олимпиадалар мен сайыс, жарыстарға қатысу пайызын 2023ж 40%-ға, 2028 жылы 70%-ға жеткізу</p> <p>Қазіргі заманға сай жабдықталған кабинеттер санын көбейту; 2023 жылы 1 кабинет, 2028 жылы 3 кабинет</p> <p>Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың ерекшелігіне сәйкес ауыл тарихын зерттеу, Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тарихи мұраларды дәріптеу, оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру</p> <p>Қамқоршылық кеңесі оқу-тәрбие процесін коллегиялды түрде басқару мүшелерінің өз өкілеттігін орындауына өтеусіз негізде іске асырылуы</p> <p>Педагог-Ата-ана-Оқушы үштік ынтымақтастық қоғамының ортасының жұмыстарын іске асыру</p> <p>1-стратегиялық бағыт Білім беру сапасын арттыру</p> <p>2- стратегиялық бағыт Адами ресурстарды дамыту</p> <p>3- стратегиялық бағыт Басқарудың алқалы формасын дамыту</p> <p>4- стратегиялық бағыт Оқу процесіне жағдай жасау</p> <p>5- стратегиялық бағыт Мектептің жеке ерекшелігі</p>
МДБ негізгі бағыттары	
МДБ іске асыру	2023-2028 жыл

мерзімі	
МДБ орындауды ұйымдастыру және бақылау	желтоқсан- маусым

Бағдарламаның кезеңдері

Кезеңдері	Мерзімі	Дамудың негізгі бағыттары	Жұмыстың мазмұны
I	2023жыл	Даму бағдарламасын құрастыру, білім беру және тәрбие бағдарламаларын дайындау, апробациялау және енгізу	Оқу жоспары бойынша білім беру сапасын арттыруды қолға алу Мұғалімдерге әдістемелік көмек беруді жандандыру
II	2024-2027 жыл	Бағдарлама іс-шараларының орындалуын ұйымдастыру, орындалу барысын бақылау, жобаларды түзету, жаңа сапалық мектептің білім беру үдерісін ұйымдастыру, білім сапасын басқару	Адами ресурстарды дамыту, мектеп оқушылар санын арттыру үшін отбасылық патронаттық тәрбиеге бала алуға өтініш беру, курсың оқу, сертификат алу Қамқоршылық кеңесімен, ауыл шауашылық қожалықтарымен ықпалдаса жұмыс жасау, мектептің материалдық-техникалық базасын жаңарту, жетіспейтін кадрларды ауылға тарту, жас мамандарға жағдай жасап, қолдау көрсету
III	2027-2028жыл	Оқу-тәрбие және даму нәтижелерін талдау және эксперттік бағалау, нәтижелер туралы есеп беру	Отбасылық патронаттық тәрбиенің жүзеге асырылуы, мектептің материалдық-техникалық базасының нығайтылуы, кадрлармен толықтыру нәтижесін шығару

1. Ақпараттық анықтама

Мекеменің толық атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Занды мекен-жайы	Ақмола облысы Егіндікөл ауданы Тоғанас ауылы ІІ Алтынсарин 40
Телефоны	87164231143
Мекеме түрі	Коммуналдық мемлекеттік негізгі білім беру мекемесі
Оқыту түрі	Қазақша
Құрылысы салынған жылы	1971 жыл
Соңғы күрделі жөндеуден өткен жылы	2002 жыл
Қабаттар саны	1
Ғимарат аумағы	379,5 кв м
Мектептің жобалық сымдылығы	80 адам

2. Мектеп қызметінің жағдайын талдау, анализдеу

Білім жетістіктерінің сапалы нәтижесі педагогтардың біліктілігі, олардың педагогикалық және кәсіби біліміне байланысты.

Педагогтердің білімі

Көрсеткіштері	2022-2023о.ж	Үлесі
Мұғалім саны	10	
Тәрбиеші /орта арнаулы білімді/	1	10%
Жоғары білімді	8	80%
Арнаулы орта білімді	2	20%

Педагогтердің еңбек өтілі

Көрсеткіштері	2022-2023 оқу жылы	Үлесі
1 жылдан 3 жылға дейін	2	18%
3 жылдан 8 жылға дейінгі	2	18%
8 жылдан 20 жылға дейін	3	27,2%
25 жылдан жоғары	4	36,3%

Педагогикалық қызметкерлердің жастары бойынша 30 жасқа дейін-2 /18%,/ 36- 45 жасқа дейін -4 /36,3/ 45-55 жасқа дейін -5 /45,4%/ құрайды

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республика заңы 2019 ж 27 желтоқсандағызаң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтың құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.Педагогтер аттестаталудан өтеді, соның нәтижелері бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен біліктілік санаттары беріледі/ расталады/

Педагогтер санаты

	2022-2023 о.ж	Аттестастаушылар үлесі %
Жоғары санатты	2	18,1%
педагог- зерттеуші	2	18,1%
педагог- сарапшы	2	18,1
педагог- модератор	2	18,1
санатсыз	3	27,2

Болашақта кадр мамандарының жетіспеушілігін жойып, аттестатталушы мұғалімдер санын арттыру көзделді.

Білім көтеру курстарына жоспарға сәйкес барлық мұғалімдер барып тұрады. 2023 жылғы жоспарға өз пәні бойынша 5 мұғалім, директордың оқу және тәрбие орынбасарлық курсына 2 мұғалім, психолог-1, шағын орталық тәрбиешісі-1 «Өрлеу» және ЦПМ біліктілікті арттыру курстарына өтінім берді.

Соңғы жылдағы мектеп пен мұғалімдердің көрсеткіштері Мектепішілік, аудандық, облыстық сайыстар, байқаулар мен конкурстарға уақытында қатысып отырамыз. Аудандық Шығармашыл оқушылар арасындағы VI Республикалық «Ақберен» өнер байқауының аудандық кезеңінде «Көркемсөз оқу» номинациясы бойынша **1- орын** 9- сынып оқушысы Сағынбаева Айдина, «Эссе жазу» номинациясы бойынша 9- сынып оқушысы **1- орын** Картай Дана. «Менің кішкентай Отаным» IV республикалық интеллектуалдық байқауының аудандық кезеңінде 9- сынып оқушысы **1- орын** Картай Дана, Сағынбаева Айдина иеленді. Аудандық «Абай оқулары» сайысында 9- сынып оқушылары «Өлең сөздің патшасы сөз сарасы» номинациясы бойынша Сағынбаева Айдина, «Ұлылар әлемі» номинациясыан Картай Дана жүлделі орындарды иеленіп, облыста сертификат алды. Аудандық пәндер олимпиадасында 9- сынып оқушысы Сабыр Гауһар **2- орын**, «Тарих ата» Республикалық қашықтық олимпиадасында Жакан Әбілмансұр, Сабыр Мадина, Өмірбек Саммир, Өмірбек Диас қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Желтоқсан айында мектепішілік негізгі пәндерден олимпиада ұйымдастырылды. Олимпиада жеңімпаздары мақтау қағаздарымен марапатталды. Мектепте «**Ең әдемі жазу**», «**Көркем сөз шебері**», «**Ең таза дәптер**» сайыстары ұйымдастырылып жеңімпаздар анықталып бағалы сыйлықтармен марапатталды. Аудандық «Зерде» ғылыми жобалар сайысында 3- сынып оқушысы Мажит Аяна «**Слаим ойыншығының зияны**» атты жоба қорғап, облыстық кезеңге жолдама алып облыстық кезеңде 3- орынды иеленді

«**Ақ бота**» интеллектуалдық марафонына мектептен 2-8 сыныптың 6 оқушысы қатысып барлығы жүлделі орындар алды.

Математика, химия пән мұғалімі Токсонбаева Ш.А. «Дарын республикалық-практикалық орталығының «Виват, химия» атты химия пәнінен қашықтық олимпиадаға оқушы қатыстырды. 9 сынып оқушылары- Картай Дана, Сағынбаева Айдина, Сабыр Гауһар, Тукенов Ариманбек **Барлығы жоғары ұпай жинады.**

Дарын онлайн өткізген қашықтық сайысқа 8 -сынып оқушылары қатысып, қазақ тілі пәнінен Мұқанбай Әділбек **77 ұпаймен 3-орын**, сабыр Ақерке **74 ұпаймен 3- орынды** иеленді. Спорттық ойындар мен сайыстарда да оқушыларымыз жүлделі орындарды иеленді. **Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына** орай аудандық турнирде «**Тоғызқұмалақ**» ойынынан Картай Дана **1 орын** Мектеп лигасы бағдарламасындағы аудандық «**Шахмат**»

ойнаудан жекелік есепте Картай Дана, Мұқанбай Жаннұр, Туқенов Ариманбек жүлделі 2- орынды иеленді.

Конкурстар, сайыстар мен жарыстар	Оқушының аты-жөні	Жеңімпаз орыны
Менің кіші Отаным	Мұқанбай Әділбек	3- орын
5-6 сынып оқушыларының арасында өткен олимпиада қазақ тілі мен әдебиеті	Қойлыбай Інжу	2 -орын
7-8- сынып оқушыларының арасында өткен олимпиада қазақ тілі мен әдебиеті	Өмірбек Диас	3- орын
«Ақмола в кадре» фотоконкурс	Мұқанбай Әділбек	2-орын
5-6 сынып «Тоғызқұмалақ»	Команда	1-орын
7-8 сынып команда «Тоғызқұмалақ»	Команда	1-орын
5-6 сыныптар арасында өткен «Бес асық»	Команда	2-орын
«Слаим ойыншығының зияны»	Мәжит Аяна	3- орын облыстық

Тоғанас ауылы негізгі орта мектебінің мұғалімдердің марапаттары

№	Аты жөні	ҚР Білім министінен	Облыстық білім басқармасынан	Облыстық кәсіподақ ұйымынан	Аудандық білім бөлімінен	Аудан әкімінен	Аудандық кәсіподақ ұйымынан
1	Бокишев Т.К	Почетная грамота 2020	Почетная грамота 2021	Почетная грамота 2021			
2	Кусаинова Г.Т	Почетная грамота 2020		Почетная грамота 2021	Почетная грамота 2018		
3	Утебаева Ж.С		Почетная грамота 2020 Алғыс хат 2022	Почетная грамота 2021	Грамота 2018 Грамота 2021		
4	Токсонбаева Ш.А			Почетная грамота 2020			
5	Қуанышбекова М.А	Почетная грамота 2020		Почетная грамота 2018	Почетная грамота 2018	Благодарс Письмо 2022	
6	Нургазина Г.К						Грамота 2021
7	Бекпауова А.Ж						Грамота 2021

8	Алпыс А.Қ		Алғыс хат 2022	Почетная грамота 2021	Грамота 2021	Благодар с Письмо 2021	Грамота 2022
9	Мухамеджано ва Г.Р	Почетная грамота 2019		Почетная грамота 2020			
1 0	Шахман М.А						
1 1	Төкен Т.Ж						

3.1 Мектеп қызметін проблемалық талдау

1. Мектеп үшін білім сапасын арттыру мәселесі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл барлық оқушылардың білім беру бағдарламасын сәтті меңгеру, оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру, оларды әрі қарай оқуға және саналы кәсіби таңдауға дайындау қажеттілігімен анықталады. Бұл проблема білім беру мазмұнын жаңарту және құзыреттілік тәсілді дамыту және бірыңғай стандарттар негізінде мектептегі білім сапасын бағалау жағдайында ерекше өзекті болып отыр.

2. Шағын жинақталған мектеп болғандықтан сыныптар комплектіленген. Мектепте бала санының аздығынан білім сапасыны көрсеткішінің пайызы төмендеді.

2022-2023 оқу жылының 1- тоқсанында білім сапасы 61,5 % болса 2- тоқсанда 43,7, азайды . Оның себебі оқушыларды «Бурабай» емдік кешеніне 2 аптаға жіберу және ауыл тұрғындарының көшіп қоныс аударуынан.

№	Бастауыш буын	Орта буын	Жоғары буын
1	3 комплект	2 комплект	1 комплект
2	1 сынып- 4 оқушы 2 сынып- 2 оқушы 3-4 сынып- 5 оқушы	5 сынып- 7 оқушы 6-7 сынып 7 оқушы	9-сынып 3 оқушы
3	11	14	3

3 Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалады. Білім беру сапасының көрсеткіштерінің бірі ретінде оқушылардың халықаралық зерттеулерге дайындығын қарастыру қажет.

. Мектеп үшін қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу және тиімді пайдалану . проблемасы маңызды болып табылады. Белгілі болғандай, дәстүрлі оқыту қазақстандық оқушылардың академиялық білімінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етеді, бірақ оларды өз бетінше білім алуға, талдауға және тиімді пайдалануға дайындамайды. Бұл проблеманы шешу үшін оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық қызмет дағдыларын дамыту үшін оқытуды жаңғыртатын, ретрансляциялайтын (дәстүрлі) оқытуды қысқарта отырып, оқытудың инновациялық түріне көшуді қамтамасыз ету қажет.

3. Маңызды мәселе-жаңа білім беру технологиялары контекстінде мектеп мұғалімдері түсінетін білімге қол жетімділік. Білімге қол жетімділік-бұл әр оқушыға білім беру бағдарламасын игеруге және сәтті болуға мүмкіндік беретін мектепте арнайы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау.
4. Маңызды мәселе-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету. 5-9 сыныптарға, музыка, география, биология, орыс тілі мен әдебиеті, физика сынды пәндердің мамандары қажет.
5. Материалдық-техникалық база да маңызды аспект болып табылады. Қазіргі уақытта бір компьютерге оқушылар саны 46% құрайды. Қолданыстағы интерактивті жабдықтар ескірді. Принтерлер, шығын материалдары тапшы. Шатырды, есік- терезені жөндеу қажет, ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізілген жоқ.

4. Мектептегі басқару ерекшеліктері

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі қоғамдауымен байланысты дамып, жетіліп отыруы анық. Қазіргі уақытта мектеп реформасына көптеген біржақты өзгерістер енгізіліп, мектеп ісінің ішкі-сыртқы жүйесі түгелімен жаңаруда. Біз бүгінгі күні әлемдік білім беру жүйесіне негізделген басым бағыттарды ұстануда ең алдымен мұғалімдерді жанаша оқытуға бағыттауымыз қажет. Дамыған елдерді білім беру жүйесіндегі тенденциялардың бірі – білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы. Білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Білім беру реформасы мұғалімнің жаңа мәртебесін – шығармашылық ой-өрісі кең, жаңа жағдайдағы жұмысқа әзір мұғалім-зерттеушіні қалыптастыруды талап етіп отыр. Ол оқытуға бағытталған жеке басқа бағдарланған, өзіндік және білікті тәсілдерінің әдістемелік негіздері мен оны іске асыру тетіктерін, пән бойынша білім беру мазмұнының базалық, кәсіби деңгейін, өткізетін сабақтар мен бейіндік, бейін алдындағы курстарды әзірлеу әдістемелерін білу керек. Сондықтан басқару жүйесінде әдіснамалық жұмыс білім қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін көтерудің және оқу-тәрбие жұмысын басқарудың негізгі құралы болып табылады. Адами қасиеттерді дамыту, бала бойына сіңіру мен қалыптастыруда мұғалімнің алатын орны ерекше десек, мектеп басқарушылары мұғалімнің қоғамдағы белсенділігін арттыру үшін кәсіптік мәртебесі және әлеуметтік беделіне, шығармашылығына көңіл бөлу керек. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру жағын кеңіне қарастырған жөн.

Ұжымда әдістемелік жұмыстардың мазмұнын, жоспарын, іс-шараларды жүргізу әдістерінің тиімділігін үнемі талдап отыру әдістемелік көмек көрсету жұмысын ары қарай жақсартуға және оны дамытуға мүмкіндік береді.

Яғни, әдістемелік жұмысты ретке келтіруде оның қалыпты жағдайын зерттеп, ұйымдастырушылық құрылымын, мақсат, міндеттерді дұрыс анықтау қажет.

2.1. Мектептегі әдістемелік жұмысты үйлестіру. Мектепті басқарудың құрылымының негізгі мақсаты: мектептегі педкадрларды диагностикалау арқылы кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын дамыту болып саналады. Тұлғалық қасетін талдау, кәсіби біліктілік пен шеберлігін жетілдіру, инновацияларды меңгеруге үйрету сынды мазмұндық сипатқа ие болмақ. Мектепті басқару құрылымының ұстанымдары: ынтымақтастық, ізгілік, тұлғалық бағдар, даралау мен саралау, тиімділік пен нәтижелілік болып табылады. Басқару айқындалған мақсатқа жету үшін соған сәйкес міндеттерді және оларды орындаудың тиімді жолын анықтап, жүзеге асыру қажет. Басқару міндеттері ретінде келесідегідей топтарды атап өткім келеді:

1. Бағытына қарай
2. Мазмұнына қарай
3. Басқару деңгейіне қарай
4. Уақыт, кезеңге қарай

1. Басқару міндеттері

Мектепті басқару әрекетінде мақсат пен міндеттерді жүзеге асыруда басқару принциптеріне сүйену керек. Басқару принциптері – бұл әлеуметтік-экономикалық дамудың белгілі салаларын басқаратын органдар мен адамдардың өз жұмысында басшылыққа алып қолданатын негізгі ережелер.

2. Басқару қызметі бағыттары.

Қазіргі таңда басқару құрылымының ғылыми негізінде қайта құру, жоспарлау мен бақылауда бұқаралық пен ізгілікті күшейту, өкілеттік және билікті бөліп беру арқылы басқаруда бұқараландыру, басты назарда педагогикалық мәдениетті,

іздену белсенділігі мен дербестігі жоғары шығармашыл тұлға қалыптастыру мақсаты қойылып отыр. Мектепті басқаруда басшыларға және мұғалімдерге басқару әдебін, педагогикалық менеджмент қағидаларын, қарым-қатынас өнерінің психологиялық негіздерін жетілдіріп, оң шешеім қабылдауға, қызметті ішкі мотивация негізінде ұйымдастыруға баулу мазмұнында жаңа сипаттар керек. Сөйтіп, мектепті басқару жүйесінде төмендегі құралдарды негізге ала отырып жұмыс жүргізу керек: педагогикалық менеджмент, озат тәжірибелер, маркетинг, рейтинг пен мониторинг, білім беру технологиялары.

Деңгейлі бағдарламаны басшылыққа ала отырып, педагогикалық басқарудың негізгі функцияларын таңдап алуға болады: жобалау-жоспарлау, ұйымдастыру-үйлестіру, бақылау - сараптама жасау.

Басқаруды ұйымдастыру басшы білігіне байланысты екенін ескере отырып, басқарудың барлық буынында менеджмент өнерін меңгеру, қазіргі педагогикалық инновацияның негізгі бағытынан хабардар болу қағидасын ұстану қажет. Жоспарлау барысында негізгі мақсаттар мен міндеттерді нақты белгілей отырып, мақсатқа жеткізетін тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, шешімді қызметкерлердің тапсырманы орындау мүмкіндіктерін ескеріп, қабылдау өте маңызды. Мектеп қызметін жаңаша ұйымдастыру, әр мектеп басшысының өз деңгейіндегі басқару рөлін арттыру, оқушылардың, мұғалімдердің және мектептің қызметін бағалау тәсілдерін басқаша, тиімді негізде қайта құру, үрдіс пен нәтижеге сай қызметкерлердің кәсіби мәдениетіне, қызмет әдебіне, рухани-әлеуметтік жағдайына көңіл бөлу – мектепті басқару құрылымының негізгі қағидаларының бірі болып табылады.

2.3. Басқаруда ақпаратты сапалы қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда ерекше талаптың бірі – басқаруда ақпаратты сапалы қамтамасыз ету. Басқаруда ақпаратты сапалы қамтамасыз ету мектептің өмір сүруін қолдап қана қоймай, оның дамуын жүзеге асырады. Себебі жүзеге асырылып жатқан кез-келген құжаттың, үрдістің, шараның ақпараты қолда болмаған жағдайда білім мекемесі басшыларының мақсат пен міндеттерін дұрыс қоюы және оның табысты болуы екіталай. Мектеп басқаруды тиімді ұйымдастыру әдістемелік білім-білікпен бірге жеке басының сапалық қасиеттерін де қажет етеді

3. Басқаруға қажетті қабілеттер.

Мектеп басқару қызметі жүйесінде тиімді ұйымдастырудың тағы бір шарты инновациялық педагогика бағыттарын ескеріп жұмыс жасау болмақ. Ол келесідегідей бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

этнопедагогика және әлемдік интеграция;
стандарттау мен технологияландыру;
стратегиялық ізденістер мен инновациялық зерттеулер;
менеджмент және көшбасшылық;
рейтинг және мониторинг.

Сөйтіп, мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру, мектепте оқытудың жаңа технологиясын енгізу, тұлғаның дамуына жағдай жасау және тек білімін арттырып қана қоймай, танымдық қасиеттерін, істеген еңбегінің нәтижесін көріп, саралау – мектеп басқаруда басшылыққа алатын негізгі қағидалардың бірі. Мектеп басшыларының педагогикалық ұжым жұмысына дұрыс және жанды басшылық жасау, оқушылардың білім деңгейін әлемдік стандартқа жеткізу үшін күрес болып табылады.

Мектепті басқару бағдарламасы мен компоненттері мен басқару құндылықтары.

Мектеп басшыларына мектепті басқару бағдарламасын құру аса маңызды процесс болып табылады. Мектептегі басқаруды жоспарластыру зерттейтін құбылысқа жасалған педагогикалық талдаудың негізінде іске асатын мақсатты бағдарлама деп білеміз. Бұл жерде жоспар түрінде қабылданған шешім ұзақ перспективаға арналуы, шұғыл, адамдағы істерді шешуге бағытталуы мүмкін. Осыған байланысты мектеп жұмысының жоспарын перспективалық, жылдық, ағымдағы деп бөліп қарастырамыз.

Басқару мәдениетінің негізгі компоненттері ретінде білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Дәстүрлі ұғымда кәсіптік-педагогикалық мәдениет негізінен педагогикалық қызметтің нормалары, ережелері, педагогикалық техника және шеберлікпен байланыстырылады. Ал, соңғы жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулер педагогикалық мәдениет категорияларына педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығармашылықты да қосатын болды.

Мектепті басқару мәдениеті, оның тұлға ретінде мектеп басқарудың технологиясы мен құндылықтарын жасау, игеру және оны алға жылжытуға бағытталған жұмыстарда өзінің шығармашылық күш-қуатын танытуы. Бұндай жағдайда басқару мәдениетінің компоненттері - аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық болып табылады.

Қазіргі кезде басқару тиімділігін артыруда *білім, идея, концепция* сияқты басқаруға қатысты педагогикалық құндылықтар үлкен маңызға ие болуда.

Педагогикалық жүйені басқарудың құндылықтары сан алуан. Олар: әртүрлі деңгейдегі тұтас педагогикалық процесті басқарудың мәні мен маңызын ашатын құндылық-мақсаттар; білім жүйесін басқару мақсаты, мектепті басқару мақсаты, педагогикалық ұжымды, оқушылар ұжымын басқару мақсаты, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамытуын басқару мақсаты және бағалау құндылық-мағлұматтарға басқару қызметіне реттеушілік сипат береді; құндылық-білімдер басқару саласындағы мектептің білімінің мәні мен маңызын ашады; басқарудың әдістемелік негізін, мектепішілік менеджментті білу, ауыл және қала мектептері мұғалімдерімен жұмыстың ерекшеліктерін білу, педагогикалық процестерді басқару тиімділігін критерийлерін және т.б.

Құндылық-қатынастар педагогикалық процеске қатысушылар арасында өзара байланыстың, кәсіптік қызметке, өзіне деген қатынастың, педагогикалық және оқушылар ұжымындағы тұлғааралық қатынастардың мәнін ашады.

Құндылық-сапалар басқарудың субъективтігі ретінде басқарушы-менеджердің дербестік, тұлғалық, арасушылық қасиеттерінің көптүрлілігінің мәнін ашады. Ол сапалар өз қызметін болжамдап, оның салдарын алдын-ала көре білу қабілеті, өз әрекеті мен мақсатын өзгелердің әрекетімен, мақсатымен салыстыра білу қабілеті, ынтымақтасу және бірлесе басқару қабілетінен және т.б. көрінеді. Мектеп басшысының басқару қызметі өзінің табиғатында шығармашылық болып табылады. Басқарудың құндылықтары мен технологиясын меңгере отырып басшы-менеджер тұлғалық ерекшеліктері мен басқару объектісінің ерекшеліктеріне сай, ол құндылық-тарды өзінше қайта құрып, талдап түсіндіруге ұмтылады. Осылайша, педагогикалық жүйені басқару тұлғалық қабілеттерді іске асыратын және жұмсайтын сала болып табылады. Басқару қызметінде директордың орынбасары тұлға, басшы, ұйымдастырушы және тәрбиеші ретінде өзін-өзі танытады.

3 .Қорытынды: Қазіргі заман жағдайына білікті арттыру жүйесін ақпараттандыру педагогикалық кадрларды дайындаудағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Білім беру ісінде ілгерілей дамудың қоғам өсіп өркендеуінде ғана емес, әр адам үшін де шешуші мәні бар. Табысқа жеткісі келген, уақыт сұранысына сай боғысы келген адам өмір сүріп отырған қоғам талабына жауап беретіндей білім алуы қажет. Осы заманғы қоғам дегеніміз қарқынды дамып отыратын орта, онда әлемдегі игілікті істерге елгезек, ізгілікке жаны құштар, шынайы өмірдің әрін кіргізуге қашада әзір тұратын тұлғаның алар орны айрықша. Қазіргі заман мектептері осындай адамдарды тәрбиелеп шығаруы тиіс. Сондықтан, кез келген педагогикалық процесті басқару мақсат қою мен жоспарлаудан тұрады. Педагогикалық жүйенің үнемі қозғалыста, үнемі даму үстінде болуы оқу-тәрбие жұмысында мақсат қою мен жоспарлауды жетілдіріп отыруды қажет етеді. Әрине, мұғалімдердің бойында белгілі бір қасиеттің қалыптасуын дәл белгілеу, жоспарлау мүмкін емес. Ал жоспарлау жеке тұлғаның барынша және жан жақты дамуына қолайлы объективті жағдай туғызуы тиіс. Сондықтан педагогтардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер қоғамның алдындағы жалпы міндеттер мен мақсаттардың көрінісі болып табылады. Мақсат жоспардың өзегі

болғандықтан ол педагогтің де, оқушының да әрекетін қамтуы керек. Басқару қызметінің мақсаты - жұмыс түрлері мен тәсілдерін, оның жалпы бағыттарын айқындайтын басты орта. Мектепте басқарудың жолдарын жан-жақты қарастыра отырып, өзіміздің қызметімізде мұғалімдерді ұйымдастырудың түрлі жолдарын үздіксіз жетілдіріп отырамын. Әдістемелік кеңестер мен педагогикалық кеңестер отырыстарын түрлі тәсілдермен жүргізіп, мұғалімдерді шыңдауға бағыттауға тырысамын. Мұғалімдер арасында танымдық шаралар, шығармашылық топтар мен әдістемелік бірлестіктер сайысын өткізіп, олардың креативті ойлауын қамтамасыз етуге жетелеймін. Отырыстарда «Миға шабуыл» сұрақтарын, «Х» кестесін шешу, «Мақсатқа жету пирамидасын» құру, «Салыстыру мен шешімін іздеу» сызбасын құрастыру тәрізді сан алуан шығармашылық тапсырмалар жүйесін жүргізіп отыру, мұғалімдерді кәсіби ісіне деген қызығушылыққа, белсенділікке баулиды. Топтар бойынша жұмыстар жүйесін құрастыру, бірлесіп шешім қабылдау әр отырыстарда, кеңестерде өз жалғастығын табады.

5. Даму бағдарламасын іске асыруды басқару

Қазіргі заман мектебі – күрделі де кіріктірілген жүйе, ол оқушылардың, оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің (директоры, оның оқу және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары), оқу-тәрбиелік және қызмет көрсететін адамдардың іс-әрекетінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады. Сонымен қатар, мектеп дегеніміз – мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы, олар білім беру жүйесін мемлекеттік тұрғыдан басқарудың объектілері болып табылады. Қазіргі мектепті өзара байланысы бар, ішкі құрылымы және социуммен белгіленетін тұтас әлуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Ол өзара тығыз байланысты екі жүйеден тұрады: басқарушы және басқарылушы. Бұл қазіргі кез-келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі мектеп директорының тікелей басқару іс-әрекетінде көріну керек. Мектеп басшылығы мен мұғалімдерден тұратын басқару жүйесі жетекші болып келеді. Басқарылушы кіші жүйеге оқушылар мен олардың ұйымдары жатады.

Мектепті басқарудың басты мәні – оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтижені алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты бағытталған ықпал етуінен тұрады.

Басқару қызметінің мақсаты:

жан-жақты дамыған, экологиялық және физикалық тұрғыдан дені сау, зияткерлік әлеуетін іс жүзінде танытуға ынталы, шығармашылыққа, өзін өзі жетілдіруге және қоршаған орта ақиқатына оң өзгерістер енгізу үшін өзін-өзі анықтауға қабілетті тұлғаға барлық жағдай жасау.

Басқару механизмін қамтамасыз ету

Педагогикалық ұжым қызметінің уәждемесін

- шынайы өзіндік бағасын қалыптастыру;

- жаңашылдықты ынталандыру;
- жұмыстың нәтижелілігіне сәйкес көтермелеу жүйесін әрі қарай жетілдіру;
- бақылаудың ынталандыру сипатындағы түрлерін қолдану;
- мұғалімдер мен қамқоршылық кеңестің, шығармашылық топтардың психологиялық байланыстылығының мәнін күшейту арқылы қалыптастыру.

Жоспарлы-диагностикалық қызметті

- даму бағдарламасы бойынша перспективалық, болжамды тұжырымдамалық негізде мектеп жұмысын құру;
- педагогикалық кеңестің, әдістемелік бірлестіктер мен қамқорлық кеңестің дамыту бағдарламаларын құру;
- жұмыс кезеңдерін анықтау және болжам құру, жоспарлары мен мақсаттардың қатынастарын реттеу арқылы әр кезеңнің жоспарын құру;
- әрбір басқару субъектісінің атқарымды және оны іске асырудың нақты мерзімдерін байланыстыратын жұмыс циклограммаларын қолдану арқылы қалыптастыру.

Әрбір басқару субъектісінің атқарымды және оны іске асырудың нақты мерзімдерін байланыстыратын жұмыс циклограммаларын қолдану арқылы қалыптастыру.

Ұйымдастыру алгоритмін орындау негізінде ұйымдастыру қызметін қалыптастыру, оған

- мәселенің жай-күйімен танысу;
- мәселені қою;
- дайындықты және істі жүргізуді алдын ала жоспарлау;
- алдағы қызметтің оңтайлы мазмұнын, әдістерін және формаларын әзірлеу мен іріктеу;
- алдағы жұмыстың жағдайын қамтамасыз ету;
- учаскелер бойынша ұжым мүшелерін бөлу;
- орындаушылардың алдына міндеттер қою және жұмысқа деген ынтасын қалыптастыру;
- іске асыруда тікелей көмек көрсету;
- нақты істің барысы мен нәтижелерін талдау, қорытындылау және көтермелеу;
- ұйымдастыру алгоритмінің орындалуын реттеу, сондай-ақ мен ұйымдастырушылық қызмет кіреді.

Мақсаттардың, жоспарлардың және ұйымның өзара байланысына жауапты тұтас атқарымдар ретінде мектепшілік бақылау-талдау атқарылады

- басшылықтың, педагогикалық кеңестің, әдістемелік бірлестіктердің және қамқоршылық кеңестің бақылаушы атқарымдарын өңдеу;
- нәтижелерді бақылау және оларды мақсаттармен салыстыру

- барысында алынған деректерді талдау;
- педагогтарды рухани және материалдық ынталандыруды қолдана отырып, бақылаудың ынталандырушы сипатын қолдану;
 - ОТУ жағдайын диагностикалаудың жүйелі сипатын қалыптастыру арқылы қалыптастыру.

6. Даму бағдарламасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері

Кезеңдері	Мерзімі	
I	2023жыл	1-кезең –(2023-2024 оқу жылы) дайындық, ұйымдастыру жұмысы, мұғалімдерді дайындау және жоспарды ақпараттандыруды қамтамасыз ету, мектеп оқушыларының санын арттыру жұмыстарды жандандыру (патронатқа бала алу);
II	2024-2027 жыл	2 кезең (2024 – 2025, 2025-2026 оқу жылы) практикалық қызметкөрсету. Мектептің ішкі құрылымын, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту, білім мазмұнын жаңарту, жоспарды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
III	2027-2028жыл	3- кезең (2027-2028 оқу жылы) алдыңғы кезеңдердегі жүзеге асқан тәжірбие нәтижесін тарату және жариялау.

Күтілетін нәтиже:

- 1 кезең бойынша бағдарламаның жоспары құрылып, ақпараттандырылады.
- 2 кезеңде мектептің материалдық базасы нығайтылып, жаңартылады.
- 3 кезеңде осы атқарылған жұмыстардың нәтижесін шығару, жұмысты әрі қарай жандандыру.

7. Даму бағдарламасын іске асырудың негізгі тетіктері

Бағдарламаны іске асырудың табыстылығы: құрамына мектеп әкімшілігі кіретін бағдарламаны басқарудың тиімді құрылымы, педагогикалық кеңес, бағдарлама бағыттары бойынша жұмыс топтары; басқарудың қазіргі заманғы тәсілдері мен әдістері: стратегиялық және ағымдағы жоспарлау, тәуекелдерді басқару, инновацияларды басқару және т. б.

Бағдарламаны басқаруды мектептегі басқару құрылымдарымен интеграциялау және бағдарламаны басқару үдерістеріне педагог қызметкерлерді, ата-аналарды белсенді тарту, қоғамдық, әлеуметтік серіктестер және тәуелсіз сарапшылар механизмдері өзара әрекеттесу органдар , басқарма. Бағдарлама мен мыналарды қамтиды .

Басқару функциялары:

білім беру жүйесін стратегиялық басқару (педагогикалық кеңес); бағдарламаны стратегиялық басқару және қадағалау (әкімшілік), бағдарламаны жедел басқару (бағыттарға жауапты).

Бағдарламаны іске асырудың сәттілігі және оны басқарудың тұрақтылығы жоспарлау сапасымен анықталады. бағдарламалық іс-шаралар, іс-шараларды іске асыру жоспарларының пысықталуы және келісілуі, жоспарланған іс-шараларды толық орындау үшін лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігі және белгіленген мерзімде өткізілуі.

Бағдарламаның орындалуын тұрақты бақылауды педагогикалық кеңес жүзеге асырады. Бақылау нәтижелері олар жыл сайын жұмысшылардың жалпы жиналысында ұсынылады және сайтта көпшіліктің бір бөлігі ретінде жарияланады. сауалнамалар, статистикалық зерттеулер, мониторинг нәтижелерін жалпылау, талдау және ұсыну білім алушылардың білім беру табыстылығы; білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін мониторингілеу; мектепте болу жайлылығы мен білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану мониторингі оқушылар мен олардың ата-аналары; талқылау, талдау, жалпылау жұмыстың мұғалімдердің контекстінде жобалық пәндер бойынша әдістемелік бірлестіктердің және проблемалық топтардың жұмыс істеуі; мектептің әдістемелік кеңесінде аралық нәтижелерді талдау және жалпы қорытындыларды шығару; мектептің білім беру және шаруашылық қызметі туралы жыл сайынғы жария есептер .

Даму бағдарламасын іске асыру нәтижелерін таныстыру нысаны

Семинарларға қатысу білім беру қызметінің мәселелері, консультациялық қызмет; жарияланымдар; презентациялар.

8. Мектепті дамытудың стратегиялық бағыттары

1-стратегиялық бағыт Білім беру сапасын арттыру

2- стратегиялық бағыт Адами ресурстарды дамыту

3- стратегиялық бағыт Басқарудың алқалы формасын дамыту

4- стратегиялық бағыт Оқу процесіне жағдай жасау

5- стратегиялық бағыт Мектептің жеке ерекшелігі

1 стратегиялық бағыт. Білім беру сапасын дамыту.

Бірінші стратегиялық бағыт бойынша білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту мақсаты жолға қойылды. Осыған орай мектептің білім сапасын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын арттыру міндеті көзделді. Білім және ғылым сапасын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде балалардың 100% оқумен қамтуға, қазіргі заманғы жабдықтармен және құралдармен қамтамасыз ету және оқу шығармашылық зерттеу дағдысын

калыптастыруға ықпал жасау. Пәндік ғылыми-зерттеу жұмыстарының аясын кеңейту.

Білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту. Осыған байланысты барлық деңгейлерде білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту және оған қол жеткізу осы бағдарламада басымдық берілген.

Сондықтан да оқушылардың білім деңгейі мен мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды жинақтау. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Кәсіптік бағдар беру – қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде, мақсатты атқарылатын жұмыс. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік жасайды.

1-стратегиялық бағыт. Білім беру сапасын арттыру	
1-мақсат	Нысаналы индикатор
Мектепгі білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету	<p>Үлгерімі «үздік» және «жақсы» оқушылар үлесі (оқытудың сапасы) 2020 жылы – 56,4 %, 2025 жылы – 70 %</p> <p>Үлгерімі «үздік» және «жақсы» оқушылар үлесін көтеру. 2023 жылы 53%, 2024 жылы 58%, 2025 жылы 63%, 2026 жылы 68%, 2027 жылы 74%, 2028 жылы 80%</p>
1-міндет Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру	Педагог мәртебесін көтеру, олимпиадалар мен сайыс, жарыстарға қатысу пайызын 2023ж 40%-ға, 2028 жылы 70%-ға жеткізу Білім көтеру курстарына жоспарға сәйкес барлық мұалімдер барып тұрады. 2023 жылғы жоспарға өз пәні бойынша 5 мұғалім, директордың оқу және тәрбие орынбасарлық курсына 2 мұғалім, психолог-1, шағын орталық тәрбиешісі-1

	«Өрлеу» және ЦПМ біліктілікті арттыру курстарына өтінім берді.
2-міндет Салауатты өмір салтына, оқушылардың денсаулығын нығайтуға, денсаулық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету	Көрсеткіштер Мектепте спортзал жоқ. Қамқоршылық кеңесімен, ауыл шауашылық қожалықтарымен ықпалдаса жұмыс жасай отыра, спортзал кешенін тұрғызуға жұмылдыру
3-міндет Қосымша білім берудің қолжетімдігін қамтамасыз ету	Көрсеткіштер Жазғы алаңға балалардың толық қатысуын қамтамасыз ету
4-міндет Сырттай бағалау жүйесін дамыту	Көрсеткіштер Негізгі орта мектепті «Үздік» бағаға бітіретін түлектер санын 2023ж 10%-ға, 2028ж 25%-ға арттыру

2- стратегиялық бағыт Адами ресурстарды дамыту

Аталған бағыт бойынша мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен құзыреттіліктерін дамыту көзделуде. Мұғалімдердің сапалық құрамын арттыруда білім беру жүйесінің жаңа, динамикалық жағдайында шығармашылықпен және белсенді қызмет жасауға қабілетті педагог мамандарды әзірлеу және қайта даярлау арқылы үздіксіз білім беруді дамытуға бағытталған. Мұғалімнің мансаптық өсуінің жаңа жүйесінің (педагог, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-мастер) үлесін көбейту. Яғни, ағымдағы 60 % көрсеткіштен 80 %-ға қол жеткізе отырып сапалық деңгейімізді жетілдіру. Үздіксіз білім беру тек қана жеке тұлғаның дамуын ғана қамтамасыз етпей, бүкіл мемлекетті де қамтып өтеді. Заман талабына сай педагог жетістікке қол жеткізген, сұранысқа ие, кез келген өзгеріске әзір, жаңа жағдаяттарға тез және тиімді бейімделе алатын, кәсіби білікті маман болу жолында шеберліктерін таныта алуға бағыттау болып табылады.

Педагог мәртебесін көтеру. Педагогтің мәртебесін айқындау және оның құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулерін, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілеу. Аттестаттау жұмысының перспективалық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, жүйелі іс әрекетті одан әрі жетілдіру. Мұғалімдерді озық елдердің білім беру жүйесінде қолданылып жүрген жаңа оқыту технологияларымен таныстыру, сонымен қатар білім саласындағы соңғы зерттеу қорытындыларымен таныстыра отырып, теориялық білімдерін жетілдіру, оларды мұғалім тәжірибесіне кіріктіруге, жаңа технологияларды пайдалануда, инновациялық ортада бейімделе алуына қолдау көрсету көзделді. Сонымен қатар қазіргі өзгермелі қоғамда жаңалыққа ашық болу қағидатын ұстануға үйретіп, шамадан тыс ақпаратты сұрыптай алу үшін

және өз тәжірибесіне сыни көзқараспен қарауды қажет ететін рефлексиялық әрекеттерін дамыту мәселесі жолға қойылды. Мұғалім өз білімі мен біліктілігін шындау, тәжірибесімен бөлісу мақсатында кәсіби жарыстар мен олимпиадаларға, байқауларға үздіксіз қатысуды қамтамасыз ету арқылы мұғалімдердің ғылыми әлеуетін нығайту.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру	Көрсеткіштер Мұғалімдердің аттестатталуы бойынша жоғары санатты-2/18,1%/, педагог-зерттеуші-2 /18,1%/, педагог-эксперт-2 /18,1%/, педагог-модератор-2 /18,1% , санатсыз-3 /27,2%/
	Педагог мәртебесін көтеру, олимпиадалар мен сайыс, жарыстарға қатысу пайызын 2023ж 40%-ға, 2028 жылы 70%-ға жеткізу

3- стратегиялық бағыт. Басқарудың алқалы формасын дамыту

Бұл бағыт бойынша оқушыларға білім беру және тәрбиелеу саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамытубарысында бірлескен жұмыс арқылы сапалы нәтижеге қол жеткізу. Яғни, Қамқоршылық кеңестің мақсаты білім беру ұйымына қолдау көрсете отырып, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу. Білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларға ат салысуды көздейді. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайлары мен жұмыспен қамтылуын жақсартып, білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдемдесе отырып, мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасалады. Білім беру, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту, бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру. Қаржыландырудың қосымша көздерін тартуға жәрдемдесе отырып, мектептің әлеуметтік жағдайын көтеруге қолдау көрсету. Мектептегі білім беруді басқаруға мектептегі қамқоршылық кеңесті дамыту үлесін 17%- дан 56% ға арттыру көзделуде. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайтып, ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастық ортаны қалыптастыру.

Балалар мен жасөспірімдер қозғалыстары оның ішінде "Жас ұлан", "Жас қыран" ұйымдарында қамтылған оқушылардың үлесін арттыру, өзін-өзі басқару